**ЖОБА**

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 468 «2021-2023 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына 104, 109-1 және 111 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 468 «2021-2023 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7928 тіркелген, 2021 жылғы 06 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – «84 016» сандары «84 016,4» сандарымен ауыстырылсын:

салықтық емес түсімдер – «0» сандары «0,4» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – «84 016» сандары «87 409,7» сандарымен ауыстырылсын;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - «0» сандары «-3 393,7» сандарымен ауыстырылсын;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - «0» сандары «3 393,7» сандарымен ауыстырылсын;

қарыздар түсімі- «0» сандары «-2 803,2» сандарымен ауыстырылсын;

қарыздарды өтеу- «0» сандары «2 803,2» сандарымен ауыстырылсын;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары- «0» сандары «3 393,7» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі